

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ**  
**«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН АТЫНДАҒЫ №76 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»**  
**ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ**  
**МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСПОРНЫ**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,  
Түркістан көшесі, 10/1 үй,  
тел.: 8 (7172) 576583  
e-mail:shl\_76\_astana@inbox.ru

**БҰЙРЫҚ №** 207

«20» 10 2021 жыл

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметіне жауапты  
қызметкерлер туралы**

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелікұсынымдарын және Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының 2021 жылғы 20 қазандағы №107-04-30/994 хатын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін жүзеге асыру міндеті мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Жалғасбаева Ардақ Алғашбайқызына жүктелсін.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке сыбайлас жемқорлықтан алдын ала сақтандыру жөнінде жүргізілген іс-шаралар бойынша есепті:
  - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі есебін Білім басқармасына тоқсан сайын жіберілсін;
  - 2) жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне мектептің сайтында орналастырылсын.
3. Осы бұйрыққол қойылған күннен бастап күшіне енсін.



Директор

Б.Сейдеш

«Бекітемін»

Әлихан Бөкейхан

№ 76 мектеп-лицей

директоры

Б.Б. Сейдеш

2021 жыл



№ 76 мектеп-лицейі

директорының тәрбие ісі

жөніндегі орынбасарының

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫНА

қосымша енгізу

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі шеңберіндегі функционалдық міндеттері**

3.16 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мектептің ішкі құжаттарын әзірлеу;

3.17. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясаттарды әзірлеу және жаңарту, талаптарды сақтау;

3.18 сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

3.19 мүдделер қақтығысын анықтау, бақылау және шешу бойынша шаралар қабылдау;

3.20 Заңға сәйкес жемқорлыққа қарсы шектеулерді орындауға міндетті тұлғалардың орындауын бақылау;

3.21 корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;

3.22 мектеп қызметкерлері әдеп кодексін сақтауын бақылау;

3.23 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік істер жөніндегі агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес азаматтық және

бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарту арқылы мектепішілік бақылау жүргізу;

3.24 сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария етуді қамтамасыз ету;

3.25 сыбайлас жемқорлық және/немесе оларға қатысу фактілер, өтініштер (шағымдар) бойынша қызметтік тексерулер жүргізу;



## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі шеңберіндегі құқықтар мен міндеттер

- 4.11 ұйымның ішкі құжаттарымен реттелетін рәсімдер шеңберінде ақпарат пен материалдарды, коммерциялық және қызметтік құпияларды қоса алғанда, скрауға және алуға;
- 4.12 өз құзыретіне жататын мәселелерді мектеп басшысына немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі бойынша есеп беретін басқа тұлғаға (органға) ұсынуға бастамашылық жасайды;
- 4.13 ҚР заңнамасы бұзылуы немесе жемқорлық туралы хабар болған жағдайда тексеріс жұмысына басмашылық жасайды;
- 4.14 мемлекеттік бағдарламалардың жобаларын, нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге қатысу, орындалуын бақылау;
- 4.15 сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функцияларын жүзеге асыру барысында белгілі болған ақпараттың құпиялылығын сақтау;
- 4.16 сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, бұзушылықтар бойынша комплаенс қызметіне хабарласқан жек тұлғалардың құпиялылығын қамтамасыз ету;
- 4.17 сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнаманы бұзу болуы немесе әлеуетті болуымен байланысты кез келген жағдайлар туралы мектеп басшысына және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі есеп беретін басқа тұлғаға (органға) уақытылы хабарлауға;
- 4.18 Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға.

Таныстым: *Мамыдаева Асдат, Ақжолбаев Азамат / 24.10.2024 ж. 11:45*



## ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

«Әлихан Бөкейхан № 76 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жалғасбаева Ардақ Алғашбайқызының лауазымдық міндеттері

- Мектептің стратегиясын анықтауға және стратегиялық жоспарды, даму бағдарламасын жүзеге асыруға қатысады;
- Оқу-тәрбие жоспарына сәйкес тәрбие бағдарламасын құрады және жүзеге асырады;
- Тәрбие процесінің проблемаларына, нәтижесіне, перспективасына талдау жасайды;
- Наркобекеттің жұмысына, құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі мектепшілік кеңес жұмысына басшылық жасайды
- «Рухани жаңғыру» жобасын іске асыруға басшылық жасайды;
- Әлихан Бөкейхан мұражайының жұмысына басшылық жасайды;
- Әскери-патриоттық тәрбие жұмысына басшылық жасайды;
- Діни экстремизмнің алдын алу, этносаралық толеранттылық пен саяси қоғамдық келісімге тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарды іске асырады;
- ҚР Тіл туралы Заңының орындалысына жауапты;
- Мемлекеттік рәміздерді қолдану және насихаттау бағытындағы жұмыстарды іске асырады;
- Сынып жетекшілерінің жұмысын үйлестіреді (семинар өткізу, тәрбие жоспарын қадағалау, рейтинг жасау);
- Оқушылардың сабаққа қатысуына, тәрбиелік деңгейіне мониторинг жүргізеді;
- Мектепшілік, қалалық іс-шараларға қатысуды (өнер, спорт, сабақтан тыс шаралар) ұйымдастырады, басшылық жасайды, талдайды, мониторинг жасайды;
- Оқушылардың каникул және жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға басшылық жасайды;
- Кітапхананың жұмысына қолдау көрсетеді және кітап оқу мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын іске асырады;
- Қамқоршылық кеңесімен және ата-аналарқоғамдастығымен байланыс жасайды;
- PR жұмысына басшылық жасайды.
- Мектептің ақпараттық стендтеріндегі, экрандардағы ақпараттардың сапасын бақылайды;
- Мектептің WEB сайты, әлеуметтік желі парақшаларын толықтырып отыруға жауапты;
- Қосымша үйірмелер мен спорттық секциялардың ұйымдастырылуына жауапты;
- Ақылы қызметтің ұйымдастырылуына жауапты;